



Magjan zhuldzy

6+

Мағжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 23 (822) 6 маусым 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕ МЕЗЕТИ

ТУЫМ - НАМЫС, ҰРАНЫМ - БІРЛІК, РӘМІЗДЕРІМ - МАҚТАНЫШ!



- Құрметті мағжандықтар!

1992 жылдың 4 маусымында алғаш рет Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Мемлекеттік рәміздер – бұл көз келген мемлекеттің егемендігі мен біртуастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады. Оларды құрметтеу – әр азаматтың міндеті және қасиетті борышы.

Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба, Мемлекеттік әнұран – ұлттық мұрамыз, ел тарихына, мемлекеттің тілге, мәдениетке және дәстүрлерге терең құрмет көзі.

Мемлекеттік рәміздер бізді Отан тағдырының маңызды сәттерінде, ұлттық мерекелерден бастап спорттық жеңістерге дейін біріктіреді. Ресми халықаралық іс-шараларда еліміздің әнұраны шырқалғанда, көк туымыз желбірегенде, әрбір қазақстандық жүрегінде мақтанш пен патриоттық сезімді оятады.

Құрметті жерлестер!
Сіздерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге амандық, бақытты өмір тілеймін! Біздің сүйікті еліміз Қазақстан Республикасы еркендей берсін, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

Сан ғасырлар бойы бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген танда өз алдына мемлекет болумен қатар, тұғыры биік Туымызбен, ел тарихын әлемге танытар Елтаңбамызбен және әр азаматтың патриоттық рухын көтеретін Мемлекеттік Әнұранымызбен айбынды ел бола білдік. Еліміздің символы саналатын рәміздерімізді құрметтеп, қастерлей білу – Отан алдындағы ұрпақтар борышы.

Салтанатты шарада еңбектегі, қызметтік және қоғамдық қызметтегі ерекше еңбегі мен табыстары, спорттағы және шығармашылықтағы жетістіктері үшін балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен спортшыларға, полиция бөліміне, Мағжан Жұмбаев атындағы орта мектепке, «Жас ұлан» әскери-патриоттық клубына, «Altyn uraq» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығына, кәсіби даярлық және сервис колледжіне, жастар ресурстық орталығына, аудандық Мәдениет үйіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы табыс етілді. Әрқайсысына тоқталар болсақ:

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫНЫҢ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІ

2023-2024 оқу жылы мектеп

Биыл елдігіміздің белгісі, Тәуелсіздігіміздің тұғырына айналған Мемлекеттік рәміздерге - 32 жыл. Азаттықтың ақ таңы үшін арпалысқан ата-бабаларымыз бен бүгінгі ұрпақтың арман-аңсары көрініс тапқан елдігіміздің ұштағаны қазақстандықтар үшін ерекше мереке. Рәміздерге деген құрмет болашаққа бет түзеген жасампаз еліміздің ұлттық рухани жаңғыру жолындағы отансүйіштік сезімінің бастау көзі болмақ. 4 маусым - Мемлекеттік рәміздер күніне орай, аудандық әкімдіктің отырыс залында салтанатты шара ұйымдастырылды. Азат елдің айбынды Әнұраны шырқалған соң, мағжандықтарды аудан әкімі Қайрат Омаров құттықтады.

тәрбиеленушілері 44 - облыстық, 10 - республикалық жарыстарға және 2 - ҚР чемпионатына қатысты (грек-рим күресі). 6 тур бойынша жүлделі орындарға ие болып, 15-і облыс чемпионы және 66-ы жүлдегер атанды. Сондай-ақ республикалық жарыстарда 24 мағжандық баулан алтын, күміс және қола медальдарды жеңіп алды, 1 спортшы ҚР чемпионы (Зарал Сұңқар) атанды. БЖСМ жұмыс істеген уақытында 2 - спорт шебері, 25 - спорт шеберіне кандидат және 19 - бірінші разрядты спортшы дайындалды. Үш спортшы халықаралық жарыстардың жүлдегерлері мен чемпиондары атанды.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ

Ішкі істер органдарындағы қызмет жыл сайын үлкен жауапкершілік пен қайтарымды талап етеді, ішкі істер органдары қатарында қоғамның полицияға сенуі үшін жоғары білікті, моральдық тұрғыдан тұрақты кадрлар болуы керек, ал полиция заң мен тәртіпті қатаң және мінсіз күзетеді.

Полиция қызметкеріне көшелердегі қоғамдық тәртіпті сақтаудан, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестен экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға дейінгі бірқатар жауапты міндеттерді шешу жүктелген. Біздің ауданда 70-ке жуық полиция қызметкері жаңқиярлықпен, ақыл-ой және дене қуатын аямай, ауданда тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ете отырып, үлкен қызмет атқарады.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП

2023-2024 оқу жылы Мағжан Жұмбаев атындағы орта мектепте әскери патриоттық тәрбие беру барысында «Жас Ұлан» әскери патриоттық клуб өз жұмысын жалғастыруда. Оқу жылында мектеп оқушылары әскери іс-шараларға, әскери спорттық кәсіпайыптар бойынша мектепшілік және де аудандық жарыстарға қатысып, әрдайым жеңімпаз атанып, жүлделі орындардан көрініп келеді.

Мағжан Жұмбаев атындағы орта мектептің оқушылары аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады. Сонымен қатар, олар оқырмандар,

суреттер, бейнерепортаждар, спорттық әскери-патриоттық жарыстардың жеңімпаздары атанып, пікірсайыс бойынша аудандық турнирлерді жеңіп, облыстық додаларда кубок иелері атанды. Мектеп оқушысы облыстық айтсықа да қатысқан.

БҰЛАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ № 12 ӨРТ СӨНДІРУ БӨЛІМІ

Адамдар өрт сөндірушілер қызметіне жүректің қалауы бойынша барады. Олар үйлер мен ормандарды өрттен сақтау және қорғау үшін, ең бастысы, адамдардың өмірін сақтау үшін еңбек етеді. Бұл «01» немесе «112» қоңырауы бойынша алғашқы болып келетін және кейде адамдарды құтқару үшін өз өмірін құрбан ететін қызметтер. Су тасқынына қарсы іс-шаралар кезінде құтқарушылар алдыңғы қатарда жүріп, олар күрделі өрі қиын жағдайларда және тәулік бойы жұмыс істеді.

«ALTYN URPAQ» БАЛАЛАР ЖАСӨСПІРІМДЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ

Қосымша білім берудің жетекші ұйымы, біздің қаламыздың және ауданымыздың жаңа тарихының ажырамас бөлігі, оның беттері шабытпен, шығармашылықпен, ашылу қуанышымен толтырылған. Бұл балалардың армандары орындалатын, таланттың жұлдыздары жанатын орын. Мұнда әр баланың қымбат балалық шағы жаңа ашылулармен, қуаныш сәттерімен толтырылады, жасына және қабілетіне қарай ер бала лайықты болашағының берік негізі қаланады. Орталықтың 100-ден астам тәрбиеленушісі облыстық республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

БҰЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ КӘСІПТІ ДАЯРЛЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КОЛЛЕДЖІ

Кәсіптік даярлық және қызмет көрсету колледжі техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы заманауи оқу орны болып табылады. Колледж еңбек нарығында суранысқа ие мамандарды даярлап шығарады, бұл түлектердің жұмысқа орналасуының тұрақты жоғары деңгейімен дәлелденіп келеді. Колледж студенттері өздерін барлық бағытта белсенді көрсетуде.

Аудандық және облыстық спорттық жарыстардың жүлдегерлері, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары мен лауреаттары. Колледж «WorldSkills» халықаралық қозғалысын белсенді дамытуда. Студенттер 2022, 2023, 2024 жылдары өңірдің тұрақты чемпионы атанып, 2022 және 2023 жылдары «Дәнекерлеу технологиялары» құзыреттілігінде республикалық кезеңде медальондар иегерлері болды. Сонымен қатар, 2023 жылы «Аспазы ісінде» WorldSkills өңірлік кезеңінің жүлдегерлері болып табылады.

ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін өріктерін қозғалысы бойынша 20-дан астам іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Орталық «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында белсенді жұмыс істеуде. Ақцияға қатысуға мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар, ауданның бизнес, колледж және орта мектеп өкілдері қосылуда. Су тасқынына қарсы күрес кезеңінде орталық үлкен жұмыс атқарды. 7 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жақсылық жөшігі» акциясы мұқтаж жандарға арналған заттар, ойыншықтар мен кеңсе құралдарын жинау бойынша белсенді жұмыс атқаруда.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ КӨРКЕМНЕРПАЗДАР ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ҚЫЗМЕТІ ОРТАЛЫҒЫ

Аудандық Мәдениет үйінде жаңа жобалар іске асырылып, әр көрерменнің жан дүниесінде із қалдыратын мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілуде. Жыл сайын көркемнәрпаздар халық шығармашылығы орталығы ұжымының қатысуымен белгілі бір мерекелерге, күндер мен оқиғаларға орайластырылған ондаған әлеуметтік маңызы бар және ағартушылық іс-шаралар өткізіледі.

Бейбітшілік пен отбасылық бақытты, мәңгілікті бейнелейтін Елтаңбамен, халық жаңырық нағыз жыршысы деп танылған Әнұранымен, Тәуелсіздік Туы астында біріккен Қазақ елінің мәртебесі асқақтай берсін. Елдігіміздің айғағы саналатын Мемлекеттік нышандарды қастерлеу - әрбір қазақстанның парызы, болашақ ұрпақтың қасиетті парызы.

Іс-шара соңында аудандық Мәдениет үйі директорының міндетін атқарушы Нұрлыбек Баймұқанов «Атамекен» атты патриоттық әнін орындап, жиналғандарға отансүйіштік рух сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫ ЕСКЕ АЛЫНДЫ



ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА - ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ



Facebook, Instagram, VK, Tik Tok, Одноклассники және т.б. әлеуметтік желілер біздің қолымыз бен ойымыздың жалғасы болып табылады.

Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде қалай жалдауға болады, олар не арқылы жалдайды және не нәрсеге назар аударудың қажеті жоқ? Ресми статистика бар-әр 50 минут сайын Қазақстанның кез келген белсенді азаматы кез келген әлеуметтік желіні пайдаланады. Facebook және Twitter – бұл іскерлік әлеуметтік желі, Instagram, VK, Tik Tok – ойын-сауық желісі. Бірақ, өкінішке орай, рекреациялық мазмұн призмасының артында жалдау әдістері де бар. Жастар кез келген әлеуметтік желі адамның 70% психологиялық портреті екенін білуі керек.

Бірінші себеп-лақап атты сирек

қолданатындар. Пайдаланушы атын табу қиын емес. Сонымен қатар, көптеген адамдар телефон нөмірлерін қалдырады. Мұны жасамау керек, өйткені адамның қай жерде екенін оңай анықтауға болады, тіпті оның нөмірінен қарулы жинаққа шақыру жіберуге болады. Көбісі әпкелерді, ең жақсы достарды, бауырларды, ата-аналарды атап өтеді. Террористер үшін бұл нақты белгіленген әлеуметтік шеңбер. Мұны істеуге болмайды. Тіпті « экстремизмге қарсы» деген тіркес үшін террористік ұйымдарда « қызыл шам» жарқырайды.

Сондай-ақ, бейне және аудио файлдар сияқты бөлімдер террористер үшін жақсы материал болып табылады. Біреу Стингті, ал біреу Мотаны, Скринтонитті тыңдайды. Музыкада шындықты көрсететін Мәтін бар. Ол сізге не ұнайтынын және сіздің қазіргі күйіңізді түсінуге мүмкіндік береді. Мәртебе де маңызды. Мұның бәрі адамды сипаттайды, қандай жіптерді тартуға болатындығын анық көрсетеді.

Егер ақпараттық материалдар – діни экстремизмнің белгілері бар посттар, бейнероликтерді, аудио файлдарды қарастыратын болсақ, онда олар ең алдымен жинаққа шақыру болады.

Олар әлеуметтік желілерде

белсенді дамыған. Мұндай материалдар болған кезде және оларды күн сайын қарап шығу оңай болса да, жұмысқа қабылдау мүмкіндігі бар. Белсенді тыңдаушы болмасаның да, тек подознаниде, бейнелі түрде айтқанда, «қыртыс» қалады, одан «дұрыс бағытты» бұрауға болады.

Тәжірибесі, діни сауаттылығы жоқ адамдардың саны өте көп. Діни экстремизм белгілері бар бейнероликтерді қарап отырып, жастар аузына деңгейде қабылданады.

Мындағын түрлі сайттар мен сілтемелер шығады, бірақ шындықты діндердің шындығынан ажырату үшін діни білім мен тәжірибе қажет.

Діни экстремизм белгілері бар әлеуметтік желілердегі материалдарды репост және ұнату үшін ҚР ҚК 174 бабы бойынша қылмыстық жауаптылық екі жылдан жеті жылға дейін көзделеді.

ҚР ҚК 256 бабы «Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру» - өмір бойына бас бостандығынан айыру.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкел соққан ашаршылық құрбандарын да еске алу күні. Қуғын-сүргін жылдары ішінде Қазақстан аумағында құрылған лагерлерге 5 млн. астам адам жіберілді.

XX ғасырдың 30-40 жылдары елімізде Карлаг, Стөплаг, сияқты лагерлер бірінен соң бірі ашылды. Сол жылдары 120 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Олардың арасында қазақ зиялылары, ғалымдар, ұлт жанашырлары болды. Миллиондаған алаш азаматтары репрессияға ұшырады. Солардың бірі - репрессия құрбаны болған қазақтың біртуар азаматы, ақиқат ақын Мағжан Жұмабаев.

Осы күні мағжандықтар Булаев қаласының орталық алаңында орналасқан ақын ескерткішінің жанына жиналып, саяси террордың құрбаны болған жерлері еске алды.

Түрмелер мен лагерлерге жіберіліп, сотсыз және тергеусіз атылған, хабар-ошарсыз кеткен мыңдаған адамның аруағына тағзым етіліп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Алаңда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сөкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сияқты ұлт зиялыларының фотосуреттері қойылып, жиналған қауым репрессия құрбандарын бір сөз үнсіздікпен еске алды. Мәдениет саласының қызметкерлері, студенттер мен оқушылар қатысқан іс-шарада тарихи деректерден сыр шертіліп, Мағжанның маржан жырлары айтылды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»



«Халық заңгері» - бұл республикалық сипатта ие болған акция, өйткені ол Қазақстанның барлық қалалары мен негізгі елді мекендерінде өткізіледі. 9-шаура аясында мемлекеттік органдардың өкілдері, заңгерлер мен адвокаттар халықты қабылдап, тегін заң көмегін көрсетеді.

Акцияның мақсаты - халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы әлеуметтік шиеленісті жою, мәселелерді шешу және тегін заң көмегін көрсету. Кез келген азамат келіп, құқықтық саладағы мәселелерді шешуде мемлекеттік органдар мен елдің заң қоғамдастығының үздік өкілдерінен қажетті көмек ала алады.

«Халық заңгері» акциясы басталған сәттен бастап өзінің сұранысқа ие екендігін бірден көрсетті. Оны қаралаймын қазақстандықтар оң бағалап, ол дәстүрге айналды және оны халық асыға күтеді.

Осыған байланысты 30 мамыр күні «AMANAT» ғимаратында «Халық заңгері» акциясы өткізілді. Құқықтық көмекке жүгінген 20-дан астам адам кенес алды.

Жұлдыз СМАҒҰЛОВА,
аудан әкімі аппаратының құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ



Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір болып тұр. Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мұқият зерделенуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел

қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Қазіргі өлемде сыбайлас жемқорлық кез-келген қоғамда, кез-келген мемлекетте орын алады. Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі бүкіл өлемнің басты проблемаларының бірі болып табылады. Бүгінгі күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы бар, онда процессуалдық заңнамаға көптеген түзетулер енгізілген, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті қатайтты, оған мүлкіті тәркілеу, мемлекеттік қызметте қызмет ету құқығын өмір бойына бас бостандығынан айыру және т.б.

Өлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлыққа тап болады. Сонымен қатар, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық біртіндеп мемлекетшілік про-

блемадан жаһандық проблемаға айналууда. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің өз үлгілерін қайта қарауда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатандату туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жыл сайын Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында жарияланады. 2023 жылғы 1 қыркүйекте Президент өзінің "Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты" жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барлық бағыттар бойынша жаңа серпін беру қажеттігін атап өтті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық сезімдері мен құқықтық нигилизмнің өсуіне әкеледі.

Біздің мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және алдын алу бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік

мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі - моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Жалпы айтқандай, егер сіз өлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат ерқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

Қысқаша айтқанда, мен болашақ ұрпақ пен біздің еліміздің гүлденуі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін өмірде иллюстрациялық мысалдарды жариялай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жүргізуге күш салу қажет екенін айтқым келеді.

Мақсат ЕСЖАНОВ,
Аққайың ауылдық округінің әкімі.

9 МАУСЫМ - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АККРЕДИТТЕУ КҮНІ

«АККРЕДИТТЕУ: ЕРТЕҢГІ МҮМКІНДІКТЕРДІ КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

World Accreditation Day



2024 жылғы 9 маусымда Дүниежүзілік аккредиттеу күні атап өтіледі. Жыл сайын бұл атаулы күн әртүрлі ұрандармен өтеді. Биылғы ұран «Аккредиттеу: ертеңгі мүмкіндіктерді кеңейту және болашақты қалыптастыру».

Бұл тақырып аккредиттеудің технологиядан келікке, тұрақтылықтан қауіпсіздікке және инклюзивтіліктен инновацияға дейінгі өмірдің әртүрлі аспектілерін қалыптастырудағы рөлдерін көрсетеді, өйткені цифрландыру, жаңа технологиялар және өсіп келе жатқан тұрақтылық мәселелері біздің Әлемді өзгертуді жалғастыруда.

Аккредиттеу инновациялық технологияларды дамытуға қалай ықпал ететінін және оның осы технологияларды интеграциялауға және енгізуге қалай ықпал ететінін, әсіресе дәлдік, қауіпсіздік және сапа маңызды болып табылатын салалар мен жеткізу тізбектерінде зерттелуде. Киберқауіпсіздік пен құпиялықты қолдау арқылы цифрлық сенімділікті арттыруда аккредиттеудің маңызды рөлі қарастырылуда.

Аккредиттеу бизнес пен тұтынушыларға саналы таңдау жасауға көмектесу арқылы тұрақты дамуды қолдайды. Осы салалардың еркіндігінде әлде қарсыда өзара тану туралы келісімдер жасалды, мысалы: көпжақты тану туралы келісім, өзара тану туралы келісім және т.б., олар ұйымдарға географиялық және салалық шекараларды еңсеруге мүмкіндік беретін маңызды рөл атқарады.

Бұл тақырып Біріккен Ұлттар Ұйымының көптеген тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қатысты, атап айтқанда ТДМ 2 (нәлдік ашықтық), ТДМ 6 (Таза су және санитария), ТДМ 7 (Қол жетімді және таза энергия), ТДМ 9 (өнеркәсіп, инновация) және инфрақұрылым), ТДМ 11 (Тұрақты қалалар және қауымдастықтар).

ТДМ 16 (бейбітшілік, өділеттілік және күшті институттар) және ТДМ 17 (мақсаттарға жету үшін серіктестік).

«Аккредиттеу» сөзінің өзі латынның «accredo» терминінен шыққан, «сенім» дегенді білдіреді. Осыған байланысты аккредиттеу ұсынылатын қызметтер мен сатылатын тауарлар сапасының мемлекет белгілеген деңгейге сәйкестігін анықтау рәсімі ретінде сипатталады. Бұл процедура өте маңызды, өйткені тұтынушылар көбінесе мекеме қызметкерлерінің кәсібилік деңгейін немесе қабілетсіздігін анықтауға жеткілікті нақты білімге ие емес. Аккредиттеу туралы куәлікті алудан қорықпай сенуге болатын өте сенімді ұйымдар ала алады.

Аккредиттеу өтініш берушінің сәйкестікті бағалаудың белгілі бір саласында жұмыстарды орындау қузыреттілігін аккредиттеу жөніндегі органның ресми тану рәсімін білдіреді. Кез-келген мемлекеттің дамуы басқа мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыстарсыз мүмкін емес. Сондықтан қазақстандық сертификаттарды шетелде тану процесін қалыптастыру бүгінгі таңда тақырып маңызды және өзекті: бір рет сыналды - барлық жерде қабылданды.

Қазақстан Республикасында «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданылады.

Өнімнің ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін бағалаумен сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары айналысады. Ал мұндай органдар мен зертханалардың қузыреттілігін аккредиттеу органы растайды. Қазақстанда мұндай функцияны «Ұлттық аккредиттеу орталығы» РМК орындайды.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында өткізіліп жатқан аккредиттеу жөніндегі 72 орган, 1 039 сынақ зертханасы, 367 тексеру зертханасы, 78 калибрлеу зертханасы, 84 медициналық зертхана аккредиттелген.

Солтүстік Қазақстан облысында өз кезегінде 1 сәйкестікті растау жөніндегі орган, 27 сынақ зертханасы, 11 тексеру зертханасы, 1 калибрлеу зертханасы, 2 медициналық зертхана аккредиттелген.

Екатерина ПАРШИНА, ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің БҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Көлік-логистика

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУГЕ 22 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Биыл облыс арқылы өтетін республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 281 шақырмы әкөне келтірілмек. Бұл мақсатқа бюджеттен 22 млрд. теңгеге жуық қаражат бөлінді.

«Қазавтожол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы облыс бойынша филиалының мәліметінше, биыл жүзеге асуы тиіс он жоба аясында 30 километр жол жаңартылады, жалпы ұзындығы 57,7 шақырмы болатын екі нысанда күрделі жөндеу жүргізілсе, қалған 7 нысанда орташа жөндеу жұмысы атқарылады.

Республикалық маңызы бар «Челябиге барар РФ шекарасы-Петропавл, Омбы арқылы Новосібірге барар РФ шекарасы» М-51 автомобиль жолының 633-648 км таңдамалы түрде орташа жөндеу жұмысы басталды. Бұл учаске Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында орналасқан, жалпы ұзындығы 14 километр.

Жұмысты «ДОРОЖНИК АШЫҚ

АСПАН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарып жатыр. Шарт бытыр қараша айында жасалды. Мердігер компания жол бетін тегістеп, асфальтбетон жабынын жөнге келтіреді және жол жиектерін орнатады. Сондай-ақ жол таңбаларын салып, жол белгілерін ауыстыру жоспарланған. Жұмыс биыл аяқталады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде автомобиль жолымен жүру уақыты қысқарады және техникалық сипаттамасы жақсарып, өнімнің көліктік-логистикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Учаскедегі жөндеу жұмыстарының сапасын облыстық Жол сапасы активтері ұлттық орталығы өз бақылауында ұстайды.

2021 жылдан бастап маусым айының екінші жексенбісінде Қазақстанда мал өсірушілер күні (малшылар мерекесі) аталып өтіледі. Мерекенің мақсаты - салмақтез мал бағушылар күні мерекесін бекіту, сонымен қатар мал шаруашылығы саласындағы қызметкерлердің беделін көтеру, оларды еңбектегі жетістіктері үшін көтермелеу.

9 МАУСЫМ - МАЛШЫЛАР КҮНІ



МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Осы ретте 100-ден астам ірі тауарлы-сүт фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі», деген еді. Облысты осындай ірі жетістіктерге жеткізген ауданның бірі – Мағжан Жұмабаев ауданы.

Жалпы өліміз аграрлық және өнеркәсіптік жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөліп келеді. Әсіресе, ауыл-аймақтардағы жағдай басты назарда. 400-ден астам тұрғыны бар Мағжан ауылдық округінің кәсіпкерлері ауыл шаруашылығын жаңғыртып, енді елді-мекенді әлеуметтік жағдайын жақсартуға білек сыбана кіріскен.

Мәселен, «Қызылжар МТС Агро» ЖШС - Жастар ауылында орналасқан. Кәсіпорын 2022 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Серіктестік ашылған күзде голштино-фриз тұқымды ірі қара малдың 620 басы әкелген. Қазір ІҚМ басы шамамен екі есе көбейген. Шаруашылықта қырыққа жуық адам еңбек етеді, олардың дені - жастар екен. Солардың бірі мал шаруашылығының бригадирі - Аймырза Өтемуратов.

Менің негізгі мамандығым - техник-бағдарламашы. «Қазақтелеком» АҚ аудандық торабында жұмыс істедім. Үйленген соң, ата кәсібиміз - мал шаруашылығын таңдадым. Мұнда қызметкерлер үшін барлық жағдай жасалған. Жалақысы да лайықты, ең бастысы, уақытында. Ауылда тұрамын деген жұмысшыларға үй береді.

Негізгі жұмысым - мал шаруашылығы процесін ұйымдастырып жүргізу. Серіктестік «Юниформ» бағдарламасын пайдаланып, онда әр сиырға паспорт жасалған. Компьютерден осы бағдарлама арқылы әр сиырды бақылаймыз, - дейді жас маман.

Заман талабына сай жұмыс істейтін «Қызылжар МТС Агро» ЖШС қазір 470 бас сауында сиыр бар. Сүтті бағыттағы сиырлар күніне үш рет сауылып, бір сауғанда орташа есеппен 34-35 литр сүт береді екен. Кейін өнім сүт зауытына жөнелтіледі.

2022 жылдан бастап шаруашылықта зоотехник болып жұмыс істеймін. Менің міндетім - сауын сиырларының дұрыс жемделуін қадағалау. Кейін бар деректі

арнайы бағдарламаға енгізу. Осылайша, біз әр басқа қанша азық кететін бақылап, соған сәйкес қажетті дәрумендер мен қоспаларды қосып отырамыз. Фермадағы сиырлар бағылмайды, арнайы орында ұсталады. Сондықтан біз арнайы ұсатқыш тіркемесі арқылы шөп-сабанды, бидай, арпа, жүгері, күнбағыс, күнжара, тұз және басқа да қажетті дәнді дақылдарды ұсатып, күнінен екі рет азықтандырамыз, - дейді зоотехник Нуржан Тоқпанов.

Екі жылда мал басын екі есеге ұлғайту оңай шаруа емес. Оған ауа райы, ұстайтын орны, азығы, күтіп ұстау процесі сияқты көптеген факторлар есер ететіні сөзсіз. Бір қызығы бұл серіктестіктегі сиырлар қолдан жасанды ұрықтандырылады екен. Бұл іспен Шымкент агроколледжінң түлегі Азизхан Сидикходжаев айналысады. Техник ұрықтандырушының айтуынша, жоғарыда аталған бағдарлама арқылы әр ІҚМ туғаннан бастап бақылауда болады.

Шаруашылық ашылғаннан бері қызмет еткендіктен қазір мен барлық ІҚМ білемін. Бағдарламаға күн сайын тиісті деректерді енгізіп отырғандықтан, бүгінгі күні әр сиырдың паспортында қажетті мәліметтер бар. Мәселен, қашан туғаны, салмағы, екіне алғаны, ұрақтандырылғаны, қанша сүт беретіні және т.б. Осылайша, уақыты келгенде компьютер бәрін есептеп беріп, экранға шығарып отырады. Біздің шаруашылық арнайы компаниялардан ұрықтар сатып алады, осылайша, біз сиырларды жасанды жолмен ұрықтандырамыз. Сиырды УЗИ-ден өткізіп, төлдің дамуын тексереміз, қажет болса, қосымша ұрықтандырамыз. Бағдарлама арқылы бәрін көріп отырамыз. Төлдеудің алдында сиыр сауылмай, бір-екі ай демалады. Осылайша, біз сиырлардан жүз пайызға дейін төл алу үшін қажетті замануи технологияларды пайдалануға тырысып келеміз, - дейді Азизхан Жамалханұлы.

Иә, заман ағысымен жүріп келе жатқан шаруашылықтың алған бағыты - асыл тұқымды малдан қомақты өнім алу. Сондықтан, кәсіпорын асыл тұқымды қара малдың басын өз төлі есебінен көбейтуге ынтылау болып отыр. Ендеше, Малшылар күні мерекесінде шаруашылыққа сәттілік пен табыс тілеп, жыл сайын мал басы көбейе берсін дейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



«БАЛАЛЫҚ ШАҚ – КІШКЕНТАЙ ҒАЛАМ»



Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген аудан әкімі Қайрат Омаров балаларды мерекемен құттықтап, жағымды эмоциялар, жақсы көңіл-күй және тамаша демалыс тіледі.

- Қымбатты балалар! Құрметті ата-аналар! Осы тамаша мереке - Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Балаларды қорғау күні мереке ғана емес, сонымен қатар, болашаққа бағдар жасайтын маңызды шараның бірі. Адамзаттың алдында тұрған зор міндет — болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғау.

Балалар – біздің болашағымыз! Біздің барлық игі істеріміз, үміттеріміз балалармен байланысты.

Қымбатты балалар! Осы бақытқа толы қуанышты күнде шын жүректен зор денсаулық, тамаша көңіл-күй, жетістіктер мен жеңістер және жазғы демалысты жақсы өткізуді тілеймін! Біздің еліміздің - Қазақстан Республикасының лайықты азаматтары болып өсіңіздер! Мереке құтты болсын, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

«Алтын ұяра» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығының ұстаздары мен тәрбиеленушілері керемет мерекелік концерт әзірлеп, оған Булаев қаласында орналасқан білім ордаларының оқушылары, Еңбекші-қазақ орталау мектебінің балалары, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының (Полудино ауылы) тәрбиеленушілері, кекушинкай қарағз секциясының спортшыларының, «LEGION BEGINNERS», «LEGION

Жаз - әлемдегі барлық балалар үшін ең сүйікті уақыт екені сөзсіз. Бұл кезеңге көңілді демалыс, табиғатқа серуендеу, өзенге шомылу және көптеген түрлі іс-шаралар мен шытырман оқиғалар кіреді. Бір сөзбен айтқанда - балалар барынша демалады. Жаздың алғашқы күні - Халықаралық балаларды қорғау күні атал өтіледі. Осыған орай, аудандық білім бөлімі Булаев қаласының «Достық» демалыс саябағында «Балалық шақ - кішкентай ғалам» атты мерекелік үлкен іс-шара ұйымдастырды.



MIDDLES», «LEGION PRO» би топтары қатысты. Сондай-ақ мерекеде «Ғажайыптар мен «ХАНШАЙЫМ» үлгілі би ұжымы елінде» агенттігінің аниматорлары барлық

тілек білдірген балалар үшін көптеген интерактивті және дамытатын ойындар өткізіп, кейін іс-шара мерекелік би кешіне ұласты.

Бұл күні саябақ аумағында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған спорттық эстафеталар, мектеп жасындағы балаларға арналған көңілді сөрелер, үстел ойындары (шахмат, тоғыз құмалақ), дрондар, асфальтта және мольберттерде сурет салу байқауы, жазғы кезеңде балаларға оқуға қызықты болатын кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Барлық тілек білдірген балалар аквагимді тегін пайдаланып, есекке салт мініп жүріп көрді. Мерекеде батуттар жұмыс істеп, мерекелік сауда ұйымдастырылды.

Мерекелік концертке белсене қатысып, ерекше өнерімен көзге түскен жас таланттарға «AMANAT» партиясы атынан тегін балмұздақ таратылды.

Тағы да бір айта кететін жәйт, 1 маусым мерекесі қарсаңында мүгедек балаларға арналған іс-шара ұйымдастырылып, оған аналар кеңесінің төрағасы Лариса Баранова, тұзету кабинеті қызметкерлері қатысты. Балғындарға дастархан жайылып, концерттік бағдарлама қойылды. Мерекеде аниматорлар үлкен іс-шара өткізіп, аудандық кәсіподақ комитеті білім беру жүйесі кәсіподақ мүшелерінің мүгедек балаларына естелік сыйлықтар табыс етті.

Осылайша, біздің ауданымызда балаларды қорғау күні қуанышты, қызықты әрі есте қаларлықтай аталып өтті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов Полудин елді мекеніндегі өмірлік қиын жағдайға түскен балаларды қолдау орталығының балаларына мерекемен құттықтап, аудандағы партия мүшелерінің атынан сый-сияпат жасады.

Сондай-ақ Төлеген Әлжанұлы балғындарды оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтап, жазғы демалыстарын қызықты өткізуге тілектестік білдірді. Қазіргі таңда ұйымның ұжымы балалардың

сапалы білім алуына және жазғы демалыстарды сауықтыру лагерлерінде өткізуге барлық жағдай жасаған.

Сонымен қатар, мереке қарсаңында мүмкіндігі шектеулі балаларды партиялықтардың атынан құттықтап, ауданның аналар кеңесінің төрағасы Лариса Барановаға сыйлық табыс етті.

«Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы балалар күні мерекесіне орай, Сулышоқ ауылында тұратын өрлі-зайыпты Асхат Нүсіпов пен Гүлнұр Ахаеваның және Нуркен Нурсейіт пен Сарагүл Бейсебаеваның

көпбалалы отбасыларына арнайы барып, балғындарды мерекемен құттықтады.

Әр жанұяға партиялықтар атынан тәтті сыйлықтар жасап, балаларға денсаулық, бақыт пен амандық тіледі.

1 маусым күні Булаев қаласының «Достық» саябағында өткен кеңауқымды мерекелік шарада «Аманат» партиясы аудандық филиалы жиналған жұртшылыққа өз өнерін паш еткен талантты жас өнерпаздарға балмұздақ таратты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

БАЛҒЫНДАРҒА МЕРЕКЕ СЫЙЛАДЫ



30 мамыр күні аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Жасқайрат Қайыржанов, ауданның ішкі істер органдары ардагерлері кеңесінің төрағасы Ғалым Әлдікенов Полудин ауылындағы өмірлік қиын жағдайға түскен балаларды қолдау орталығына барып, балғындарды мерекемен құттықтады.

Алдымен орталықтағы балалар мерекелік іс-шара өткізіп, онда әр бала өзінің талантын паш етіп, сахнада өн айтып, би биледі. Жаны жомарт жандар жиналған мерекеді балаларға сый-сияпат жасалып, үлкен қолдау көрсетілді.

Аудандық полиция бөлімі мен ішкі істер органдары ардагерлерінің кеңесі де қолдан келген көмек жасап, өмірлік қиын жағдайға түскен балаларға қолдау білдірді. Балаларға сыйлықтар, кеңсе керек-жарақтары, пиццалар мен тәттілер тарту етілді. Бұл құрмет орталықтағы ұлдар мен қыздардың шынайы қуанышын тудырды.

Мерекеде балалар сүйсіненшілік пен қамқорлыққа бөленіп, қолдау білдірген барша жандарға шынайы алғыстарын айтып.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

СПОРТ

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАР «АҚБИДАЙ - 2024» ОБЛЫСТЫҚ СПОРТ МЕРЕКЕСІНІҢ АҚТЫҚ СЫНЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

31 мамыр мен 2 маусым аралығында Булаев қаласында «Ақ бидай – 2024» облыстық жазғы спорт мерекесі бағдарламасы аясында ерлер командалары арасында волейболдан аймақтық жарыстар өтті.

Батыр Баян атындағы спорт кешенінде өткен жарыстың алғашқы күні біздің ауданның командасы бірінші ойында Айыртау ауданының командасымен кездесіп, 2:1 есебімен жеңіліп қалды. Екінші ойын Тайынша ауданының командасымен өтіп, мағжандық волейбошылар 3:0 есебімен жеңіске жетті.

Ал жарыстың екінші күні біздің құрама Ақжар ауданының командасын 3:0 есебімен жеңіп, «Ақ бидай – 2024» облыстық жазғы спорт мерекесінің финалына жолдама алды. Волейболдан аудан құрама командасын ақтық сыңға шығуымен құттықтап, сәтті өнер көрсетуін тілейміз.



БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОМАНДАСЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ



1 маусым күні Булаев қаласының «Жастар» орталық стадионында «Ақ бидай – 2024» аудандық жазғы спорттық мерекесі бағдарламасының аясында жазғы Президенттік келпсайыстан аудан чемпионаты болып өтті. Жарыс 8 жас санаты бойынша өткізіліп, оған Булаев қаласы мен ауылдық округтердің спортшылары қатысты. Мылтықтан, ату, қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіру, граната лақтыру сияқты спорт түрлері бойынша сыңға түскен спортшылар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді.

- 16-17 жас (қыздар)**
1 орын - Нуралина Жанель
2 орын - Сасина Кристина
3 орын - Никитина Валерия
- 16-17 жас (ұлдар)**
1 орын - Бақдаулетов Алдыр
2 орын - Шатан Алексей
3 орын - Назаренко Артем
- 18-20 жас (қыздар)**
1 орын - Трошина Диана
- 18-20 жас (ұлдар)**
1 орын - Астахов Геннадий
2 орын - Дроздов Алексей
3 орын - Кенжебай Марлен

- 21-23 жас (қыздар)**
1 орын - Нөкебаева Адела
- 21-23 жас (ұлдар)**
1 орын - Қошқар Рустам
2 орын - Гуль Данил
3 орын - Жоламанов Дамир
- 24-34 жас (қыздар)**
1 орын - Фадеева Валентина
2 орын - Юрчинко Мария
3 орын - Исина Әйгерім
- 24-34 жас (ерлер)**
1 орын - Тілеуов Бекболат
2 орын - Нохрин Кирил
3 орын - Маковецкий Александр
- 35-39 жас (ейелдер)**
1 орын - Яловенко Татьяна
2 орын - Расхожеева Татьяна
- 35-39 жас (ерлер)**
1 орын - Астахов Александр
2 орын - Бөкіров Азамат
3 орын - Пайзиев Руслан
- 40-49 жас (ейелдер)**
1 орын - Лысенко Маргарита
- 40-49 жас (ерлер)**
1 орын - Тагиров Ренат
2 орын - Майлашев Сағынтай
3 орын - Абдин Серік
- 50-59 жас (ейелдер)**
1 орын - Серета Елена
2 орын - Құсайынова Жанара

- 50-59 жас (ерлер)**
1 орын - Кравченко Евгений
2 орын - Ыбыраев Қайсар
3 орын - Шубин Игорь
- 60 және одан жоғары жастағы ер адамдар**
1 орын - Подмогильный Василий
2 орын - Шивелев Владимир
3 орын - Кенжебай Сайран
- Жалпыкомандалық орындар келесідей бөлінді:**
8 орын - Аққайың ауылдық округі (172 ұпай)
7 орын - Бәйтерек ауылдық округі (204 ұпай)
6 орын - Усленка ауылдық округі (315 ұпай)
5 орын - Ноғайбай би ауылдық округі (321 ұпай)
4 орын - Молодогвардейское ауылдық округі (335 ұпай)
3 орын - Лебяжье ауылдық округі (512 ұпай)
2 орын - Қарақаға ауылдық округі (1541 ұпай)
1 орын - Булаев қаласы (1543 ұпай).
- Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.**

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

БОЛАШАҚ САРБАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖИЫН



28-31 мамыр аралығында 10 сынып оқушылары үшін Совет ОМ, Қарағанды ОМ, Возвышен ОМ және Мағжан Жұмабаев атындағы ОМ интернаттарының базасында «Алғашқы» әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқудалалық жиындар шеңберінде өткен сабақтарды бекіту бойынша үш күндік практикалық сабақтар өтті.

Барлығы 100-ге жуық оқушы оқудан өтіп, олар әскери өмірдің қатал тәртіптерімен танысты. Мәселен, жасөспірімдер ерте тұру, таңертеңгі жүгіру, жаттығу, күнделікті тамақтану, тактикалық, атыс, салтық дайындық, әскери топография, физикалық және салтық дайындық бойынша теориялық және практикалық сабақтардан өтті.

Әр интернатта болашақ жас сарбаздар өззодтар мен бөлімшелерге бөлініп, әскери киімге жаға тігуді үйренді, жалпы әскери қорғаныс жиынтығын кию, АҚ-74 оқжатар макетін патрондармен жабдықтау және разрядтау, АҚ-74 макетін толық бөлшектеу және құрастыру бойынша жарыстарға қатысты. Барлық жеңімпаз жас сарбаз бен ұжымдар дипломдармен және медальдармен марапатталды.

Осы сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысқан барлық алғашқы әскери дайындық және технологиялық дайындық пәнінің ұйымдастырушыларына үлкен рахмет айтқым келеді. Өйткені ұстаздардың қызықты әрі пайдалы өткізген сабақтары мен сайыстарының арқасында балалар әскер туралы жағымды әсер алып, қызықты естеліктерімен бөлісті.

Аслан АРЕНОВ,
аудандық білім бөлімінің едіскері.



Дүйсенбі, 10 маусым	Сейсенбі, 11 маусым	Сәрсенбі, 12 маусым	Бейсенбі, 13 маусым	Жұма, 14 маусым	Сенбі, 15 маусым	Жексенбі, 16 маусым
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 04.10 ТІРШЛІК. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 ASHYUQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00. 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АКОРДА. 15.30 ШЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 ЖӨДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00. 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 03.15 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ОТАНДАСТАР. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 00.10 PARASAT MAIDANY. 02.10 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 02.30 ASHYUQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.20 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.50 ФУТБОЛ. 03.20 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.55 «МҰРА», Д.Ф. 06.30, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00, 02.10 ЗИНЬАР. 07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30 ШАҢЫРАҚ. 09.00, 17.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 20.50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2024. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00, 01.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 13.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ». 15.15 «ӘЗІЛ ӘЛЕМ». 17.20, 01.00 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 20.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 23.00 «16 ҚЫЗ», Х/Ф. 03.25 «БІРЕГЕЙ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 «МҰРА», Д.Ф. 06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.00 Д.Ф. 07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30, 21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35 АҚСАУЫТ. 10.00, 23.50 ФУТБОЛ. UEFA EURO 2024. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10 КОНЦЕРТ. 14.10 СҮХБАТ. 14.30 «ӘКЕ», Х/Ф. 16.40 ДӨРІГЕРЛЕР КҮНІ. 17.05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ». 20.00, 01.55 «АПТА». 20.50, 02.45 «АКОРДА». 22.15 «ЕҢ СҮЛУ», Х/Ф. 02.55 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 10 маусым	Сейсенбі, 11 маусым	Сәрсенбі, 12 маусым	Бейсенбі, 13 маусым	Жұма, 14 маусым	Сенбі, 15 маусым	Жексенбі, 16 маусым
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «РАЗУМНОЕ СОМНЕНИЕ» Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 Д.Ф. 10.45 «ПРОЩАЙ, КРИСТОФЕР РОБИН» Х/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСКЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-3». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М.Ф. 11.35 М.Ф «ТОМ СОЙЕР». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСКЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 21.45 Т/Х «РАУЗА». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-3». 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 21.45 Т/Х «РАУЗА». 16.00, 23.30 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-3». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 21.45 Т/Х «РАУЗА». 16.00, 23.30 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ- ТЕР-3». 07.00 ОЯН. 10.00 МӨДЕНИ БАҒДАР. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 21.45 Т/Х «РАУЗА». 16.00 Т/Х «СЛЕДСТВИЕ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 23.30 «БЕССМЕРТИЕ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 «МЭРИ ПОПНИНС ВОЗВРАЩАЕТСЯ» Х/Ф. 11.45 М.Ф. 12.00 «БЕССМЕРТНЫЕ» Х/Ф. 14.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 «НЕСНОСНЫЕ ЛЕДЬ» Х/Ф. 23.40 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «КАЗАК ЕЛЬ» Д.Ф. 10.00 М.Ф. 11.20 М.Ф «ТОМ СОЙЕР». 12.00 «НЕСНОСНЫЕ ЛЕДЬ» Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 14.45 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫК TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ӘДІЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИИ. 22.10 «ЛУЧШЕЕ ВО МНЕ» Х/Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 10 маусым	Сейсенбі, 11 маусым	Сәрсенбі, 12 маусым	Бейсенбі, 13 маусым	Жұма, 14 маусым	Сенбі, 15 маусым	Жексенбі, 16 маусым
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «МОЙ УБИЙЦА» Х/Ф. 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗАПАСНОЙ ВЫХОД». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗАПАСНОЙ ВЫХОД». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗАПАСНОЙ ВЫХОД». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗАПАСНОЙ ВЫХОД». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАХСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ЗАПАСНОЙ ВЫХОД».	06.00 Т/С «ПАРТНЕРЫ ПО ПРЕСТУПЛЕНИЮ». 07.00, 03.25 ТАМАША СІТУ. 08.00, 02.00 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНИЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПРОУЮТ. 10.00 «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ВРАЧ» Х/Ф. 14.00 «40+», ИЛИ ГЕОМЕТРИЯ ЧУВСТВ» Х/Ф. 18.15 «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СОЛНЕЧНЫЙ ЛИБЕНЬ» Х/Ф. 00.20 «ТРИ АККОРДА».	06.00, 02.45 ТАМАША СІТУ. 08.00, 02.00 «П@УТИНА». 08.50 ВОСКРЕСНИЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПРОУЮТ. 10.00 «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ВРАЧ» Х/Ф. 14.00 «40+», ИЛИ ГЕОМЕТРИЯ ЧУВСТВ» Х/Ф. 18.15 «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СОЛНЕЧНЫЙ ЛИБЕНЬ» Х/Ф. 00.20 «ТРИ АККОРДА».

Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық ем анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластыр-мастан ілгері бастырып сөйлесе. Ыбырай АЛТЫНСАРИН.



ЖОЛ ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ


Қазақстанда бүгін, 6 мамырдан бастап жол ережесіне қосылған өзгерістер күшіне енді. Kolesa.kz оның ең маңыздыларын еске салады:



Бүтін сызықты кесіп өту = қарсы бағытта шығу = жүргізуші куәлігінен айыру

ҚР жол ережесіне жаңа 62-1-тармақ қосылады, онда «1.1. (бүтін сызық — Kolesa.kz ескерт.) жол таңбасымен бөлінген екі жолағы бар екі бағытты жолда және (немесе) 3.20 белгісі (басып озғуға тыйым салынады) қойылған жолда қарсы бағытқа шығуға болмайды» деп жазылады.

Бүтін сызықты кесіп, қарсы жолаққа шыққан жүргізуші әкімшілік кодекстің 596-бабы 3-тармағына сай жазаланады, ол бойынша «жолдың қарсы қозғалысқа арналған бөлігімен жүрсе (көрі айналу немесе бұрылу үшін шықса), 6 ай мерзімге көлік басқару құқығынан айырылады».



керек екенін айтты. Бұл шектеу М3 санатындағы автобустарға әсер етпейді. 6 мамырдан бастап олар арнайы жолақпен жүре алады.

Көрі бұрылу радиусы

Жаңа 54-1-тармақта «радиусына қарамастан, қозғалуға қауіпсіз болса және басқа көлік құралына кедергі жасамаса ғана көрі бұрылуға болады» деп жазылады. Яғни, радиусы үлкен қиылыста да, кіші қиылыста да көрі



бұрылуға рұқсат беріледі. Тек қиылыстың жолмен жүріп бара жатқан автомобильге кедергі жасамасаңыз болғаны.

Қиылыста қалай бұрылу керек

Қиылыстан өту тәртібі 95-1-тармақта көрсетілген. Онда «қиылыста солға бұрылған кезде кейбір ерекше геометриялық параметрі бар қиылыстарды қоспағанда, қарсы бағытта келе жатқан машинаның оң жағынан өту керек» деп жазылған. Яғни, жүргізушілер дәл қазіргідей бұрыла береді. Бұл жолғы өзгерісте билік қазіргі схеманы заңдастырды.

Төбеге жүксалғыш орнату қайта жабдықтау емес

6 мамырдан бастап қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін ақаулар мен жағдайлар тізіміне өзгеріс енді. Енді төрезе дефлекторын орнатуға болады. Мұндай тюнинг үшін ешкім айыппұл арқалаған емес, бірақ мамандар бұл жайлы арнайы бап қосып отыр. Ал зауыттық жүксалғыш пен тіркеме орнату қайта жабдықтау болып саналмайды.

Сондай-ақ жол ережесіне жаңа жол белгілері, жол таңбалары және бағдаршамдағы жасыл түсті «плюс» белгі қосылды.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ



Тек өз жолағымен бұрылу керек

53-тармақ («Маневр жасау» бөлімі) толығын, «бұрылыс жолдың жүріс бөлігінің қиылысынан шыққан кезде көлік құралы қарсы келе жатқан көлік жағына шықпайтындай жүзеге асырылады. Бұрылыс маневр жасаған сәттегі жолақ бойынша жүзеге асырылады» деп жазылады.

Жаңа талапты оңға бұрылғанда да, солға бұрылғанда да сақтау керек. Қиылыста көрші жолаққа ауысуға болмайды. Kolesa.kz редакциясына ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті түсіндіргендей, мұндай жағдайда жүргізуші өз жолағымен бұрылу керек, егер ол бос болмаса, тіке жүру керек, қиылыста жолақ ауыстыруға тыйым салынады.

Комитет автобус жолағы бар көшеге (мысалы, Абайға) бұрылғанда, жүргізуші арнайы жолаққа емес, автомобиль жолағына маневр жасауы

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!
Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!

Сіздерге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы 990 теңге.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ АГЕНТСТВО РК ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАФАТТАНБАЙСЫЗ БА?

TELEGRAM - БОТ АРҚЫЛЫ МӘСЕЛЕҢІЗІ ОҢАЙ ЭРІ ЖЫЛДАМ ШЕШІҢІЗ

НЕ УДОВЛЕТВОРЯЕТ КАЧЕСТВО ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ?

РЕШИТЕ СВОЮ ПРОБЛЕМУ ЛЕГКО И БЫСТРО С ПОМОЩЬЮ TELEGRAM-БОТА

Уәкілетті органға өтініш

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ

Алаяқтар Сіздің ұялы телефоныңызға қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері деп таныстыра алады. Сөйлесу кезінде Сізді "HotToDesk", "RustDesk", "AnyDesk", "TeamViewer" қосымшаларын жүктеуге көндіруге тырысады

АЛАЯҚТАРДЫҢ БЕРГЕН НҰСҚАУЛАРЫН ОРЫНДАМАҢЫЗДАР!

Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

СЕНБІЛІККЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Жауапкершілігі арқамайды. Осыған срай, аудандық мейіт барна мұсылман қауымын 2024 жылдың 8 маусымын демалыс күні қала сыртындағы зиратта өтетін тазалық іс-шарасына қатысуға шақырады.

Өздеріңізбен бірге күрек, ара айыр, тырнаушы, сытырғыш және тағы да басқа сенбілікке қажетті құрал-саймандарды ала келуге болады.

Құрметті маман!
«Тазалық - иманның жартысы» деген хадисті еске алып, ағалымы сенбілікке атсалысып, сауапты іспен құр қалмаңыз!

«Беріске» аудандық орталық мейімі.

<p>Директор - бас редактор Пель ГОНЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150808 Сәулетік Қазақстан облысы, Мағжан Жұлыбай ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Баспаалым нөмірі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Juldizy» газеті редакцияда теріпін беттейді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Копуков к-сі, 5 үй). Тараалымы - 680</p>	<p>Газет аудан ақшын, аудандық мемлекеттік тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспаалым болып табылады</p>
---	---	--	---	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамаңыз мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады